

Алматы облысында "Таңбалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1052 қаулысы

Алматы облысы Жамбыл ауданының Таңбалы шатқалындағы бірегей археологиялық кешенді және петроглифтерді сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облысы Жамбыл ауданының Таңбалы шатқалында жалпы алаңы 3,8 мың гектар Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің "Таңбалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Мекеменің Жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Алматы облысының әкіміне Қопа станциясынан Қарабастау ауылына дейінгі жолды және Таңбалы кешеніне апаратын жолды күрделі жөндеуден өткізу, сондай-ақ, Мекемені кесіп өтетін жол учаскесін ауыстыру, оның аумағын тұрғын және шаруашылық құрылыстарының қалдықтарынан тазарту мәселелерін қарастыру және шешу ұсынылсын.

4. Мекемені қаржыландыру Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі